

**"Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" (үлгілі) атағын бекіту туралы" Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы № 93 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 84 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 маусымда № 7009 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңы 7-бабының 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру туралы» Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2007 жылғы 28 наурыздағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4632 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2007 жыл) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру туралы» Ережесінде:  
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. «Халықтық» (үлгілі) атағы мәдениет саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен беріледі.»;  
14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Осы Ереженің талабына сай болмаған жағдайда көркемөнерпаздар ұжымдарының «Халықтық» (үлгілі) атағы мәдениет саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен алынып т а с т а л а д ы . » .

2. Мәдениет комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мәдениет вице-министрі А.И. Бөрібаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*М. Құл-Мұхаммед*